



1. Сауалнама деректері

Келген күні мен уақыты

Кеткен күні мен уақыты

____/____/202__ ж.:

____/____/202__ ж.:

Аты-жөні	
----------	--

Туған жері	Туған күні ____/____/____
------------	------------------------------

Төлқұжаты/жеке куәлігі, нөмірі	Берілген күні / /	Кім берді
-----------------------------------	----------------------	-----------

Электрондық поштасы _____ @ _____	Телефоны +7 _____
-----------------------------------	----------------------

2. Байланыс арналары арқылы ақпарат алуға келісім

_____ Менің Alatau Wellness Center қызметтері туралы ақпаратты көрсетілген телефон нөміріне смс-хабарлама түрінде алғым келеді

_____ Менің Alatau Wellness Center қызметтері туралы ақпаратты көрсетілген телефон нөміріне смс-хабарлама түрінде АЛҒЫМ КЕЛМЕЙДІ

_____ Менің Alatau Wellness Center қызметтері туралы ақпаратты көрсетілген электрондық адреске e-mail хабарламасы түрінде алғым келеді

_____ Менің Alatau Wellness Center қызметтері туралы ақпаратты көрсетілген электрондық адреске e-mail хабарламасы түрінде АЛҒЫМ КЕЛМЕЙДІ

3. Дербес деректерді өңдеуге келісім

_____ Маған жоғарыда аталған ақпаратты жіберу мақсатымен осы пішінде қамтылған дербес деректерімді өңдеуге, соның ішінде осы әрекеттерді жасауға тартылатын тұлғаларға тиісті ақпаратты табыстауға келісімді беремін

_____ Маған жоғарыда аталған ақпаратты жіберу мақсатымен осы пішінде қамтылған дербес деректерімді өңдеуге, соның ішінде осы әрекеттерді жасауға тартылатын тұлғаларға тиісті ақпаратты табыстауға келісімді БЕРМЕЙМІН

Келісімнің жарамдылық мерзімі (егер берілген болса): пайдаланушы тиісті ақпаратты алуға келісін қайтарып алған кезден бастап алты ай өткенге дейін.

4. Дербес деректерді өңдеуге берілген келісімді қайтарып алу тәртібі:

Дербес деректерді өңдеуге берілген келісімді қайтарып алу үшін тиісті келісімді қайтарып алатын кезге дейін кемінде 30 күн бұрын Alatau Wellness Center орналасқан жеріне жазбаша түрде тиісті өтініш беру қажет. Келісімді қайтарып алғаннан кейін дербес деректер тек заңнамада көзделген мақсатта ғана пайдаланылады.

5. Мен осы сауалнамада көрсетілген барлық деректердің дұрыс екенін растаймын, жоғарыда көрсетілген нөмірдің менің телефон нөмірім екенін растаймын. Alatau Wellness Center орталығында болу және қызмет көрсету ережелерімен таныстырылдым және оған келісемін:

Күні ____/____/20____	Қолы/қолының толық жазылуы – Толық аты-жөні _____ / _____
--------------------------	--

Alatau Wellness Center жауапты қызметкері – әкімшісі толтырады: мен жоғарыда көрсетілген тұлғаның жеке басын тексердім. Менің көзімше қол қойылды.

Күні ____/____/20____	Қолы/қолының толық жазылуы – Толық аты-жөні _____ / _____
--------------------------	--

Alatau Wellness Center кешенінде болу және қызмет көрсету ЕРЕЖЕЛЕРІ («Алатау» емдеу-сауықтыру кешені» ЖШС)

I. Қонақтарды қабылдау, олардың тұруы және кетуі.

1. Alatau Wellness Center кешенінде (бұдан әрі – Орталық) қабылдау және қызмет көрсету сатып алынған бағдарламалар мен процедуралардың негізінде ғана жүзеге асырылады. Шетелдік азаматтардың Орталықта болу ерекшеліктері: олар Қазақстан Республикасы аумағына келгеннен кейін үш күннің ішінде болатын жері бойынша тіркелуге міндетті. Орталыққа келген күні осы мәселе бойынша Swissôtel Wellness Resort Alatau Almaty (бұдан әрі – Қонақ үй) орналастыру қызметіне хабарласу қажет.
2. Қонақ қолма-қол ақшаны «Алатау» емдеу-сауықтыру кешені» ЖШС кассасына төлеу немесе VISA, Mastercard банктік төлем картасымен төлем жасау, «Алатау» емдеу-сауықтыру кешені» ЖШС-нің банктік шотына ақша аудару жолымен қызметтердің толық (100%) құнын алдын ала немесе келген күні төлейді.
3. Қосымша қызметтердің құны Прейскурант бойынша есептеледі және Қонақ мәлімдеген Қосымша қызметтердің 100% мөлшерінде алдын ала төлеммен төленеді.
4. Алдын ала төлемді қайтару үшін негіз Тапсырыс берушінің жазбаша өтініші болып табылады. Өтінішке банктен алынған үзінді көшірме (төлем фактісін растайтын басқа да құжаттар) қоса берілуге тиіс.
5. Ақшалай қаражатты қайтару ақшалай қаражат аударымы үшін алынатын комиссия шегеріліп, келесі жағдайларда және мөлшерде жүзеге асырылады:
 - 5.1. Қонақ брондаудың күшін келгенге дейін 3 немесе одан да көп жұмыс күні бұрын жойса – брондаудың жалпы құнының 100 % мөлшерінде.
 - 5.2. Қонақ брондаудың күшін келгенге дейін 3 жұмыс күнінен аз уақыт бұрын жойса – брондаудың жалпы құнының 50 % мөлшерінде.
 - 5.3. Келмеген жағдайда төлем қайтарылуға тиіс емес.
 - 5.4. Қонақ www.alatauwellness.kz сайтында орналастырылған бағдарлама басталғаннан кейін қызметтерден мерзімінен бұрын бас тартқан жағдайда ақшалай қаражат «Ең жақсы қолжетімді тариф» тарифі бойынша Қонақ үйде тұрудың құны және Орталықтың Прейскурантына сәйкес алынған рәсімдер қайта есептеліп қайтарылады (ҚР АҚ 686-бабы).
6. Келген күні төлем жасалмаған жағдайда Орталық қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы.
7. Alatau Wellness Center Қонағына пайдаланылмаған демалыс және емдеу күндерінің құнын «Алатау» емдеу-сауықтыру кешені» ЖШС Қонақтың жазбаша өтініші берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде қайтарады.
8. Қонақ бағдарламадан өтетін кезде ауырып қалған жағдайда науқастық парағы/дәрігер анықтамасы тапсырылған кезде Орталық оның келген күнінен бастап 30 күнтізбелік күн мерзімге қалған рәсімдерді тоқтатып қояды. Осы орайда қалған/пайдаланылмаған рәсімдерден өткен кезде Қонақ үйде тұруға және Орталықта тамақтануға жеңілдіктің күші жойылады (берілмейді).
9. Орталыққа байланысты емес себеппен, кешігіп келуіне немесе Орталыққа жазбаша хабарламастан мерзімінен бұрын кетуіне байланысты пайдаланылмаған күндердегі Қонақ пайдалана алмаған қызметтердің құны қайтарылмайды.
10. Сағат 09.00-ден 15.00-ге дейін ерте келіп кіру Қонақ үйде бос орындар болған жағдайда комплементарлық негізде мүмкін болады.
11. Қонақ бағдарламаның құнына кірмейтін Орталық пен Қонақ үйдің ақылы қызметтері үшін кеткенге дейін толық көлемінде төлеуге, ал Орталық пен Қонақ үйге материалдық нұқсан келтірген жағдайда оның орнын толтыруға міндетті.
12. Қонақта медициналық процедуралардың кейбір түрлеріне қарсы көрсетім болған жағдайда аталған процедуралар (Орталықтың емдеуші дәрігерімен келісім бойынша және Қонақтың келісімімен) медициналық көрсетімдерге сәйкес келетін рәсімдермен (емдеу бағдарламасы шеңберінде) ауыстырылуы мүмкін.

II. Орталықта және Қонақ үйде болудың режимі мен шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Қонақ Орталықта емделіп жүрген немесе демалыста болған кезінде Орталықтың/Қонақ үйдің ережелерін және демалушылардың құқықтарын сақтауға міндетті. Орталықта және Қонақ үйде белгіленген мінез-құлық ережелерін бірнеше рет өрескел бұзғаны үшін Қонақ пайдаланылмаған күндердің құны өтелместен мерзімінен бұрын шығарылуы, сондай-ақ осы бұзушылықтың себебімен Орталық пен Қонақ үйге келтірілген нақты залалды төлеу түріндегі жауапкершілікке тартылуы мүмкін.
2. Орталыққа байланысты емес себептермен Бағдарламаның пайдаланылмаған күндерінің немесе Қонақ өткізіп алған процедура, тамақтанудың құны өтелмейді және қайтарылмайды.
3. Балалармен бірге демалған кезде кәмелетке толмаған балалары үшін олардың ата-аналары жауапкершілік көтереді. Олар 12 жасқа дейінгі балаларды емдеу процедураларына, асханаға, мәдени-ойын-сауық іс-шараларына ертіп жүруге, балалары ойын алаңдарында ойнаған кезде оларды қадағалауға міндетті. Бассейн мен СПА орталығына 7 жастан асқан балалардың ата-анасымен немесе заңды өкілдерімен бірге баруына рұқсат етіледі.
4. Қонақ ҚР заңнамасында көзделген қоғамдық тәртіпке және қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықты бір рет жасаған жағдайда пайдаланылмаған күндердің құны өтелместен Қонақ үйден мерзімінен бұрын шығарылуы мүмкін.

III. Басқа шарттар

1. Орталық/Қонақ үй Қонақтардың қауіпсіздігін, сондай-ақ Қонақтың бөлмедегі мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету шараларын әдеттегі қауіпсіздік және мүліктің сақталуын қамтамасыз ету шараларына сәйкес келетін дәрежеде қабылдайды. Қонақ үй/Орталық Қонақ үйге/Орталыққа байланысты емес себептермен немесе Қонақтың субъективті бағалауынан Қонаққа келген материалдық және моральдық нұқсан үшін жауапкершілік көтермейді.
2. Қонақ үй/Орталық оған сақтауға (депозитарлық ұяшыққа, әкімшілік сейфіне) тапсырылған мүлікті қоспағанда, Қонақтың мүлкі үшін материалдық жауапкершілік көтермейді.
3. Орталыққа Қонақтарды заңды тұлға жіберген жағдайда Орталықтың көрсететін қызметтеріне қатысты ақпараттың анықтығы үшін жауапкершілікті тікелей заңды тұлға көтереді, сондай-ақ ол ілеспе құжаттардың (бағдарлама ақысының төлену фактісін растайтын құжаттар, сенімхаттар және т.б.) уақтылы ресімделуі үшін жауапкершілік көтереді.

МЕЙРАМХАНА КЕШЕНІНЕ БАРУ ЕРЕЖЕСІ

1. Дұрыс тамақтану үшін емдеуші дәрігер немесе диетолог дәрігер тағайындаған диета мен тамақтану кестесін сақтау қажет.
2. Тамақтану кестесі бұзылған жағдайда әкімшілік тамақтандырудан бас тартуға құқылы.
3. Әкімшіліктің мәзірде көрсетілген тағамдарды алдын ала ескертусіз ауыстыруға құқығы бар.
4. Біздің Қонақ үйде мейрамханаға сырт киім және спорттық киім, пижама, халат, шомылатын киім киіп келу әдетке жатпайды, сондай-ақ мейрамхана кешенінен тамақ, ыдыс-аяқ пен ас құралдарын алып шығуға тыйым салынған.

ҚҰРМЕТПЕН, Alatau Wellness Center ӘКІМШІЛІГІ